



№ 3 (2)
2026

ISSN 3107-3328 (Print)
ISSN 3107-3336 (Online)

ҒЫЛЫМИ ИННОВАЦИЯЛАР

ғылыми журналы

Ғылым. Инновация. Қауіпсіздік.
Наука. Инновация. Безопасность.
Science. Innovation. Security.



научный журнал
НАУЧНЫЕ ИННОВАЦИИ
scientific journal
SCIENTIFIC INNOVATIONS



eLIBRARY.RU


StrikePlagiarism.com
ORIGINALITY IS A VALUE

«ҒЫЛЫМИ ИННОВАЦИЯЛАР» ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ «НАУЧНЫЕ ИННОВАЦИИ»
«SCIENTIFIC INNOVATIONS» SCIENTIFIC JOURNAL

Журнал 2025 жылдан бастап шығады

Журнал издаётся с 2025 года

The journal is published from 2025

Меншік иесі: «Неотехнология және қауіпсіздік ғылыми-зерттеу институты» ЖМ

Собственник: ЧУ «Научно-исследовательский институт Неотехнологий и Безопасности»

Owner: ChU «Research Institute of Neotechnology and Security»

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат
комитетінде тіркелген,

2025 жылы 4 қарашадағы № KZ06VPY00133490 куәлік

Журнал зарегистрирован в Комитете информации Министерства информации и общественного
развития Республики Казахстан,

свидетельство №KZ06VPY00133490 от 4 ноября 2025 года.

The journal is registered with the Information Committee of the Ministry of Information and Social
Development of the Republic of Kazakhstan, certificate

№ KZ06VPY00133490 dated November 4, 2025

Журнал тоқсан сайын шығарылады (жылына 4 рет)

Журнал издаётся ежеквартально (4 раза в год)

The magazine is published quarterly (4 times a year)

Редакцияның мекен-жайы: 150000, Қазақстан Республикасы, Солтүстік-Қазақстан облысы,
Петропавл қаласы, Бостандық көшесі, 51

Адрес редакции: 150000, Республика Казахстан, Северо-Казахстанская область,
г. Петропавловск, ул. Бостандыкская, 51.

Editorial office: 150000, Republic of Kazakhstan, North Kazakhstan region,
Petropavlovsk, st. Bostandyk, 51

Сайт журналы: www.nii-ntb.com

E-mail: jornal@nii-ntb.com

Телефоны редакции: +7 (7152) 33-44-35, +7 778 569 19 61, +7 707 279 85 75

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ
EDITORIAL BOARD

Бас редакторлар / Главные редакторы / Chief editors

Логвиненко Денис Викторович, педагогика ғылымдарының кандидаты

Логвиненко Денис Викторович, кандидат педагогических наук

Denis Viktorovich Logvinenko, candidate of pedagogical sciences

Ғылыми редакторлар / Научные редакторы / Scientific editors

Мақажанова Жұлдыз Мақсұтқызы, философия докторы (PhD)

Макажанова Жулдыз Максutowна, доктор философии (PhD)

Makazhanova Zhuldyz Maksutovna, PhD

Редакциялық алқа / Редакционная коллегия / Editorial board

Чекалёва Надежда Викторовна, Ресей Білім беру Академиясының мүше-корреспонденті,

педагогика ғылымдарының докторы

Чекалёва Надежда Викторовна, член-корреспондент Российской Академии образования, доктор

педагогических наук

Chekaleva Nadezhda Viktorovna, corresponding member of the Russian Academy of education, doctor of

pedagogical sciences

Савинкин Виталий Владимирович, техника ғылымдарының докторы

Савинкин Виталий Владимирович, доктор технических наук

Savinkin Vitaly Vladimirovich, doctor of technical sciences

Жәмпейісов Ғазиз Нұрмұратұлы, философия докторы (PhD)

Жампеисов Газиз Нурмуратович, доктор философии (PhD)

Zhampeisov Gaziz Nurmuratovich, Ph.D

Шапашев Мұрат Асқарұлы, философия докторы (PhD)

Шапашев Мурат Аскарович, доктор философии (PhD)

Shapashev Murat Askarovich, Ph.D

Батаева Фроза Асанқызы, филология ғылымдарының кандидаты

Батаева Фроза Асановна, кандидат филологических наук

Bataeva Froza Asanovna, candidate of philology

Горковенко Людмила Александровна, экономика ғылымдарының кандидаты

Горковенко Людмила Александровна, кандидат экономических наук

Gorkovenko Lyudmila Aleksandrovna, Candidate of Economic Sciences

Кусаинова Айсұлу Әмірханқызы, философия докторы (PhD)

Кусаинова Айсулу Амирхановна, доктор философии (PhD)

Kusainova Aisulu Amirkhanovna, Ph.D

Графикалық дизайнер / Графический дизайнер / Graphic designer

Дергалёва Наталья Владимировна,
Дергалёва Наталья Владимировна,
Dergaleva Natalia Vladimirovna,

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / TABLE OF CONTENTS

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ
ИННОВАЦИОННАЯ ПЕДАГОГИКА И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ
INNOVATIVE PEDAGOGY AND EDUCATIONAL TECHNOLOGIES

АЙТЕНОВА А. Т., НЕМУДРОВА А. А.	Литература в формате игры: как геймификация вовлекает школьников?	8
БАЗАРБАЕВА Ә.	Жастардың салауатты өмір салты мен денсаулық мәдениетін қалыптастырудағы валеологиялық педагогиканың рөлі	17
БАТЫРБЕКОВА А. Ж., АХМЕТОВ А. А.	Рисование как педагогический инструмент повышения учебной мотивации и активности учащихся 7 класса на уроках физики	37
ЛОГВИНЕНКО Д. В.	Профилактика буллинга в подростковой среде: гендерный и социально-педагогический подходы	48
МАЛДЫБАЕВ К. Б.	Патриотизм как ключевой компонент профессиональной культуры курсантов Национальной гвардии	60
МАРКОВА Н. Г., МАКАЖАНОВА Ж. М.	Поликультурная грамотность личности – индикатор понимания в поликультурном обществе	66
МАҚСҰТ Ш. Ш.	Қазақстан тарихы сабағында мемуарлық деректерді пайдалану жолдары	79
РАХМАНҚҰЛ А. Ә., ИБРАГИМОВ С. О., БАТЫРБЕКОВА А. Ж.	10-сынып оқушыларының электр заряды тақырыбын түсіну деңгейін зерттеу	85
РОМАНОВА В. В.	Диалог культур в образовательном пространстве вуза: из опыта работы с иностранными курсантами на занятиях русского языка	96
СМАГУЛОВ Б. С.	Опытно-экспериментальная работа по формированию дисциплинарных умений курсантов в военном вузе	103
ТАТТИМБЕТОВ А. Ж.	Ғылыми-зерттеу қызметі Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы офицерлерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту факторы ретінде	112

ИНЖЕНЕРИЯ, ОЗЫҚ МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ИНЖЕНЕРИЯ, ПЕРЕДОВЫЕ МАТЕРИАЛЫ И ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ
ENGINEERING, ADVANCED MATERIALS AND TECHNICAL SCIENCES

БИКБАЕВ Р. Д., ЖУМЕКЕНОВА З. Ж. Электроэрозионная обработка как 126
перспективная технология высокоточного изготовления деталей
машиностроения

ЖУМЕКЕНОВА З. Ж. Лазерные технологии в диагностике и 141
восстановлении колесных пар железнодорожного подвижного состава

КЕШЕНДІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ
КОМПЛЕКСНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ И УСТОЙЧИВОСТЬ
INTEGRATED SAFETY AND SUSTAINABILITY

ШАПАШЕВ М. А. Киберсоғыс – қазіргі әлемнің қаупі 151

КОНВЕРГЕНЦИЯ ЖӘНЕ ПӘНАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР
КОНВЕРГЕНЦИЯ И МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ
CONVERGENCE AND INTERDISCIPLINARY RESEARCH

ЖАУМИТОВА М. Д. Методика обучения основам мобилизационной 161
экономики в системе высшего образования

КОЙШИГАРИНА Г. М. Географический фактор как основа для 177
формирования военной политики центрально-азиатских государств

НАСИПКАЗЫ А. Е. d-өлшемді торда Навье-Стокс теңдеуінің әлсіз 187
шешімдерін құру

ӘОЖ: 378.6

ҒТАМР: 14.35.09

ТАТТИМБЕТОВ А.Ж.

әскери іс және қауіпсіздік магистрі, зерттеуші, оқытушы-зерттеуші, полковник. Петропавл қ.
<https://orcid.org/0009-0001-9054-2481>

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҰЛАНЫ ОФИЦЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУЫ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Андатпа. Мақалада ғылыми-зерттеу қызметі Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы офицерлерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытудағы маңызды фактор ретінде қарастырылады. Зерттеуде ғылыми-зерттеу қызметінің болашақ офицерлердің зерттеушілік ойлауын, талдамалық қабілеттерін, ғылыми ізденіс дағдыларын және негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау қабілетін дамытудағы рөлі негізделген. «Ғылыми-зерттеу қызметі» ұғымының мәні ашылып, оның құрылымдық компоненттері мен Қазақстан Республикасының әскери білім беру жүйесіндегі ұйымдастырылу ерекшеліктері сипатталады. Ғылыми-зерттеу құзыреттілігін дамыту жоғары білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарына сәйкес келетіні көрсетіледі. Цифрлық ғылыми-білім беру ортасын жетілдіру, электрондық ғылыми жарияланымдарды дамыту, ғылыми-практикалық іс-шараларды ұйымдастыру және зерттеушілік даярлаудың заманауи формаларын енгізу мәселелеріне ерекше назар аударылады. Қорытындыда ғылыми-зерттеу қызметі Ұлттық ұлан офицерлерін кәсіби даярлаудың ажырамас құрамдас бөлігі болып табылатыны және олардың кәсіби құзыреттілігін, ғылыми әлеуетін және қызметтік-жауынгерлік міндеттерді тиімді орындауға дайындығын арттыратыны дәлелденеді.

Түйінді сөздер: ғылыми-зерттеу қызметі, зерттеушілік құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, офицерлер, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы, әскери білім беру, жоғары әскери оқу орны, кәсіби даярлау.

ТАТТИМБЕТОВ А.Ж.

магистр военного дела и безопасности, исследователь, преподаватель-исследователь, полковник, г. Петропавл. <https://orcid.org/0009-0001-9054-2481>

НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ОФИЦЕРОВ НАЦИОНАЛЬНОЙ ГВАРДИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация. В статье рассматривается научно-исследовательская деятельность как один из ключевых факторов развития профессиональной компетентности офицеров Национальной гвардии Республики Казахстан. Обоснована ее роль в формировании исследовательского мышления, аналитических способностей, навыков научного поиска и принятия обоснованных управленческих решений в условиях современной военно-профессиональной деятельности. Раскрывается сущность понятия «научно-исследовательская деятельность», определяются ее структурные компоненты и особенности организации в системе военного образования Республики

Казахстан. Отмечается, что развитие исследовательской компетентности соответствует приоритетным направлениям государственной политики в области высшего образования и науки, направленным на подготовку конкурентоспособных специалистов, способных эффективно решать профессиональные задачи на основе научного подхода. Особое внимание уделено совершенствованию цифровой научно-образовательной среды, расширению возможностей электронных научных публикаций, организации научно-практических мероприятий и внедрению современных форм исследовательской подготовки. Сделан вывод о том, что научно-исследовательская деятельность является неотъемлемым компонентом профессиональной подготовки офицеров Национальной гвардии Республики Казахстан и способствует развитию их профессиональной компетентности, научного потенциала и готовности к эффективному выполнению служебно-боевых задач.

Ключевые слова: научно-исследовательская деятельность, исследовательская компетентность, профессиональная компетентность, офицеры, Национальная гвардия Республики Казахстан, военное образование, высшее военное учебное заведение, профессиональная подготовка.

TATTIMBETOV A.Z.

Master of Military Affairs and Security, researcher, research lecturer, Colonel, Petropavl, Republic of Kazakhstan. <https://orcid.org/0009-0001-9054-2481>

SCIENTIFIC RESEARCH ACTIVITY AS A FACTOR IN THE DEVELOPMENT OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF OFFICERS OF THE NATIONAL GUARD OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Annotation. This article examines scientific research activity as a key factor in the development of professional competence among officers of the National Guard of the Republic of Kazakhstan. The study substantiates the role of research-based activity in fostering analytical thinking, problem-solving skills, and the ability to make evidence-based managerial decisions in complex military-professional contexts. The concept of “scientific research activity” is clarified, and its structural components are identified within the framework of military higher education in Kazakhstan. The article emphasizes that the development of research competence aligns with the strategic priorities of the state policy in higher education and science, aimed at training highly qualified specialists capable of applying scientific approaches in professional practice. Particular attention is given to the modernization of the digital educational environment, including the expansion of electronic scientific resources, the integration of online research platforms, and the organization of scientific and practical events such as conferences and seminars. A staged model for the formation of research competence among cadets is proposed, consisting of motivational, cognitive, and practical phases. The findings suggest that scientific research activity is an integral component of officer training and significantly contributes to the development of professional competence, leadership potential, and readiness for effective service performance in the National Guard of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: scientific research activity, research competence, professional competence, National Guard of the Republic of Kazakhstan, military education, cadets, digital learning environment.

Kіpіcіne

Қазақстан Республикасының жоғары және әскери білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында офицерлік кадрларды кәсіби даярлау сапасына қойылатын талаптар едәуір артып келеді. Ұлттық ұланның қазіргі заманғы офицері терең кәсіби білім мен практикалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар дамыған аналитикалық ойлауға, ғылыми ізденісті өз бетінше жүргізуге, жедел жағдайды бағалауға, оқиғалардың даму барысын болжауға және ғылыми негізделген басқарушылық шешімдер қабылдауға қабілетті болуы тиіс. Осыған байланысты ғылыми-зерттеу қызметі әскери даярлықтың білім беру, ғылыми және практикалық құрамдас бөліктерінің интеграциясын қамтамасыз ете отырып, болашақ офицерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытудың негізгі факторларының біріне айналуға [1-3].

Білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамыту Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім саласындағы мемлекеттік саясатының басым бағыттарына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында білім беру, ғылым және инновациялық қызметтің интеграциясына, жоғары оқу орындарының ғылыми әлеуетін кеңейтуге және заманауи ғылыми жетістіктер негізінде кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға қабілетті мамандар даярлауға ерекше назар аударылған [1-3].

Отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде мамандардың кәсіби құзыреттілігін ғылыми-зерттеу қызметі арқылы қалыптастыру мәселелері кеңінен қарастырылған. Зерттеушілер білім алушылардың ғылыми зерттеулерге қатысуы сыни ойлаудың, зерттеушілік мәдениеттің, ақпаратты талдау және дәлелді шешім қабылдау қабілеттерінің дамуына ықпал ететінін, сондай-ақ олардың кәсіби дербестігі мен инновациялық қызметке даярлық деңгейін арттыратынын атап көрсетеді [5-8]. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы офицерлерін даярлау жүйесінде ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктері жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Қолданыстағы зерттеулердің басым бөлігі әскери білім берудің жалпы мәселелеріне арналған болса, ғылыми-зерттеу қызметінің офицерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпалы әлі де терең ғылыми зерделеуді қажет етеді.

Зерттеудің өзектілігі Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының жедел өзгеріп отыратын ахуал жағдайында қызметтік-жауынгерлік міндеттерді тиімді орындай алатын, заманауи цифрлық технологияларды пайдаланатын, қызметтік ақпаратты ғылыми тұрғыдан талдайтын және негізделген басқарушылық шешімдер қабылдайтын жаңа буын офицерлеріне деген қажеттіліктің артуымен айқындалады.

Осындай жағдайда ғылыми-зерттеу қызметі білім беру үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде ғана емес, сонымен бірге қызметтік міндеттерді табысты орындауға қажетті кәсіби құзыреттерді қалыптастырудың маңызды құралы ретінде қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты – ғылыми-зерттеу қызметінің Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы офицерлерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудағы рөлін айқындау және оны әскери білім беру жүйесінде ұйымдастыруды жетілдірудің негізгі бағыттарын анықтау.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі **зерттеу міндеттері** айқындалды:

- офицерлердің кәсіби және зерттеушілік құзыреттілігін түсіндірудегі заманауи ғылыми тәсілдерді талдау;

- ғылыми-зерттеу қызметінің Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы офицерлерін кәсіби даярлау жүйесіндегі орнын анықтау;

- зерттеушілік құзыреттіліктің негізгі құрамдас бөліктері мен оны қалыптастыру кезеңдерін айқындау;

- әскери жоғары оқу орнында ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруды жетілдірудің перспективалық бағыттарын белгілеу

Зерттеу аясында келесі **зерттеу сұрағы** тұжырымдалды: ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы офицерлерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға қандай жолмен ықпал етеді және осы үдерістің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін қандай ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар бар?

Материалдар мен әдістер

Зерттеу Қазақстан Республикасының жоғары әскери білім беру жүйесінде ғылыми-зерттеу қызметі арқылы офицерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне қатысты заманауи ғылыми тәсілдерді кешенді талдау негізінде орындалды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін ғылыми-зерттеу қызметін әскери қызметшілерді кәсіби даярлаудың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін құзыреттілік, жүйелік және қызметтік тәсілдер құрады. Құзыреттілік тәсіл болашақ офицерлердің кәсіби, зерттеушілік, аналитикалық және басқарушылық құзыреттерінің кешенін қалыптастыруға бағытталған. Жүйелік тәсіл ғылыми-зерттеу қызметін оқу, ғылыми және практикалық даярлықты өзара байланыстыратын білім беру үдерісінің құрамдас элементі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Қызметтік тәсіл білім алушылардың ғылыми жұмыстарға белсенді қатысуы, кәсіби бағытталған зерттеу міндеттерін шешуі және зерттеу нәтижелерін қызметтік қызметте қолдануы арқылы зерттеушілік құзыреттіліктің қалыптасу үдерісін зерделеуге мүмкіндік берді [5, 8].

Зерттеудің эмпирикалық негізін Қазақстан Республикасында ғылым мен жоғары білімді дамытуды реттейтін нормативтік құқықтық актілер, әскери білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын айқындайтын құжаттар, сондай-ақ әскери қызметшілерді кәсіби даярлау, зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру және жоғары оқу орындарында ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру мәселелеріне арналған отандық және шетелдік авторлардың ғылыми жарияланымдары құрады [1-8].

Зерттеу барысында өзара толықтыратын ғылыми әдістер кешені қолданылды. Теориялық талдау офицерлердің кәсіби және зерттеушілік құзыреттілігінің мәнін айқындауға арналған қолданыстағы ғылыми тәсілдерді жинақтауға мүмкіндік берді. Салыстырмалы талдау жоғары білім беру ұйымдарында ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудың отандық және шетелдік тәжірибесін салыстыру мақсатында пайдаланылды. Жүйелеу әдісі зерттеушілік құзыреттіліктің құрылымдық компоненттері мен оны қалыптастыру кезеңдерін анықтауда қолданылды. Модельдеу әдісі Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы офицерлерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға ғылыми-зерттеу қызметінің ықпал етуінің тұжырымдамалық моделін әзірлеу үшін пайдаланылды.

Алынған нәтижелерді өңдеу сапалық талдау, логикалық жинақтау және ғылыми интерпретациялау әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылды. Бұл әскери жоғары оқу орны жағдайында зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі заңдылықтарын анықтауға және ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруды жетілдірудің перспективалық бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігін арттыру мақсатында ғылыми триангуляция қағидаты қолданылды. Ол әскери білім беру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық құжаттарды, бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелерін және заманауи ғылыми жарияланымдарды өзара салыстыруды көздейді. Бұл зерттеудің кешенділігін қамтамасыз етіп, ғылыми-зерттеу қызметінің Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы офицерлерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудағы рөліне қатысты ғылыми негізделген қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері

Жүргізілген нормативтік құқықтық құжаттарды, ғылыми әдебиеттерді және әскери білім беруді ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін талдау Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы офицерлерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы негізгі факторлардың бірі ғылыми-зерттеу қызметі болып табылатынын анықтауға мүмкіндік берді. Дәстүрлі кәсіби даярлау нысандарынан айырмашылығы, ғылыми-зерттеу қызметі аналитикалық ойлауды дамытуға, ақпаратты өз бетінше іздеу және сыни тұрғыдан пайымдау қабілетін қалыптастыруға, қабылданатын шешімдерді

ғылыми негіздеу дағдыларын жетілдіруге және қызметтік-жауынгерлік қызметке инновациялық тәсілдерді енгізуге ықпал етеді [3, 5, 8].

Зерттеу нәтижелері зерттеушілік құзыреттіліктің офицер тұлғасының мотивациялық ұстанымдарын, кәсіби білімдерін, практикалық зерттеушілік дағдыларын және кәсіби міндеттерді шешуде ғылыми әдістерді қолдану қабілетін біріктіретін интегративті сапа екенін көрсетті. Аталған құзыреттілік әскери қызметшінің оқу кезеңінен бастап кәсіби қалыптасуының барлық сатыларында жүйелі түрде қалыптасады.

Жүргізілген талдау негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы офицерлерінің зерттеушілік құзыреттілігінің негізгі құрылымдық компоненттері айқындалды (1-кесте).

1-кесте – Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы офицерінің зерттеушілік құзыреттілігінің құрылымдық компоненттері

Компонент	Сипаттамасы	Қалыптасатын нәтижелер
Мотивациялық	Ғылыми-зерттеу қызметіне, кәсіби өзін-өзі дамытуға және инновациялық қызметке тұрақты қызығушылықты қалыптастыру	Ғылыми ізденіске және кәсіби жетілдіруге оң уәждеме
Когнитивтік	Ғылыми зерттеулердің әдіснамасын, ақпаратты талдау әдістерін және ғылыми таным негіздерін меңгеру	Заманауи ғылыми білімдер мен зерттеу әдістерін меңгеру
Операциялық-қызметтік	Зерттеу жобаларын орындау, ғылыми іс-шараларға қатысу, ғылыми жарияланымдар дайындау	Зерттеу жүргізудің және ғылыми нәтижелерді ресімдеудің практикалық дағдыларының қалыптасуы
Аналитикалық	Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау, заңдылықтарды анықтау және қабылданған шешімдердің тиімділігін бағалау	Ғылыми негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау қабілетінің қалыптасуы

Рефлексивтік	Ғылыми қызмет нәтижелерін өзіндік бағалау және кәсіби дамудың келесі бағыттарын айқындау	Үздіксіз кәсіби және ғылыми жетілуге даярлықтың қалыптасуы
--------------	--	--

1-кестеде ұсынылған компоненттер өзара тығыз байланыста болып, зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастырудың біртұтас жүйесін құрайды. Сонымен қатар әрбір келесі компоненттің дамуы алдыңғы компоненттің жеткілікті деңгейде қалыптасуын талап етеді. Бұл әскери жоғары оқу орнының білім беру үдерісінде ғылыми-зерттеу қызметін жүйелі ұйымдастырудың маңыздылығын дәлелдейді.

Жүргізілген талдау ғылыми-зерттеу қызметінің офицерлердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға кешенді ықпал ететінін көрсетті. Ол зерттеушілік дағдыларды жетілдірумен қатар, қызметтік-жауынгерлік міндеттерді тиімді орындауға қажетті кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттердің қалыптасуын қамтамасыз етеді (2-кесте).

2-кесте – Ғылыми-зерттеу қызметінің офицерлердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері

Ғылыми-зерттеу қызметінің бағыты	Дамытылатын құзыреттер	Практикалық нәтижесі
Ғылыми зерттеулерге қатысу	Зерттеушілік, аналитикалық	Кәсіби мәселелерді анықтау және талдау қабілетінің қалыптасуы
Ғылыми жарияланымдар дайындау	Ақпараттық, коммуникативтік	Ақпаратты жүйелеу және ғылыми нәтижелерді баяндау дағдыларының қалыптасуы
Ғылыми конференциялар мен семинарларға қатысу	Коммуникативтік, презентациялық	Кәсіби қарым-қатынас жасау және зерттеу нәтижелерін көпшілік алдында таныстыру дағдыларының дамуы
Қолданбалы зерттеулерді орындау	Жобалық, басқарушылық	Қызметтік қызметті жетілдіруге бағытталған практикалық ұсынымдарды әзірлеу

Цифрлық ғылыми ресурстарды пайдалану	Цифрлық, ақпараттық-талдамалық	Ғылыми ақпаратты іздеу, өңдеу және талдау тиімділігінің артуы
--------------------------------------	--------------------------------	---

Зерттеу нәтижелері ғылыми-зерттеу қызметін жүйелі ұйымдастыру жағдайында кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың тиімділігі едәуір артатынын көрсетті. Мұндай ұйымдастыру курсанттар мен жас офицерлерді ғылыми-зерттеу жобаларын орындауға, ғылыми жарияланымдар дайындауға, ғылыми-практикалық конференциялар мен ғылыми жұмыстар конкурстарына қатысуға кезең-кезеңімен тартуды, сондай-ақ заманауи цифрлық білім беру және ғылыми платформаларды пайдалануды көздейді [5-8].

Сонымен қатар жүргізілген талдау зерттеушілік даярлықтың нәтижелілігін арттырудың маңызды шарттарының бірі халықаралық ғылыми деректер базаларына, электрондық кітапханаларға, институционалдық репозиторийлерге және ғылыми коммуникацияның цифрлық сервистеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін заманауи ғылыми-білім беру ортасын қалыптастыру екенін көрсетті. Аталған ресурстарды пайдалану білім алушылардың ғылыми дүниетанымын кеңейтуге, ғылыми зерттеулердің сапасын арттыруға және академиялық адалдық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді [2, 3, 5].

Осылайша, зерттеу нәтижелері ғылыми-зерттеу қызметінің Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы офицерлерін кәсіби даярлау жүйесіндегі жүйеқұраушы элемент болып табылатынын дәлелдейді. Ол қазіргі жағдайда қызметтік-жауынгерлік міндеттерді тиімді орындауға қажетті зерттеушілік, аналитикалық, ақпараттық және басқарушылық құзыреттердің дамуын қамтамасыз етеді.

Талқылау

Алынған нәтижелер ғылыми-зерттеу қызметінің Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы офицерлерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ең тиімді құралдарының бірі екенін растайды. Жүргізілген талдау білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне қатысуы аналитикалық ойлаудың, ғылыми ізденіс дағдыларының, ақпаратты сыни бағалау қабілетінің және ғылыми негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау дағдыларының дамуына ықпал ететінін көрсетті. Бұл әскери мамандарды даярлауға қойылатын қазіргі заманғы талаптарға толық сәйкес келеді [3, 5].

Осы зерттеудің нәтижелері әскери жоғары оқу орындарының курсанттарын кәсіби даярлаудың міндетті құрамдас бөлігі ретінде зерттеушілік құзыреттілікті қарастыратын Н. Мұсаев пен Б. Қалиевтің ғылыми тұжырымдарымен сәйкес келеді. Авторлар курсанттарды ғылыми қызметке тарту олардың дербестігін, жауапкершілігін және стандартты емес кәсіби міндеттерді шешуге даярлығын

қалыптастыруға ықпал ететінін атап көрсетеді [8]. Осы зерттеу аясында аталған тұжырым зерттеушілік құзыреттіліктің құрылымын айқындау және оның Ұлттық ұлан офицерлерінің кәсіби қалыптасуына ықпал ету тетіктерін ашу арқылы одан әрі дамытылды.

Ұқсас нәтижелер Қазақстан Республикасының әскери жоғары оқу орындарындағы білім беру үдерісін жетілдіруге арналған А. Умаровтың зерттеулерінде де келтірілген. Автор ғылыми қызметті білім беру үдерісіне кіріктіру болашақ офицерлерді даярлау сапасын арттырып, олардың ғылыми білімді практикалық қызметте қолдану қабілетін дамытатынын атап көрсетеді [5]. Осы зерттеуде алынған нәтижелер бұл ғылыми ұстанымды растап, әскери жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларындағы зерттеушілік құрамдасты одан әрі кеңейту қажеттігін дәлелдейді.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері А. Алтынбаева мен Қ. Ғабдуллинаның қазіргі әскери білім беру жүйесі білім беру ортасын цифрландыру, ғылымды, білім беруді және инновациялық қызметті интеграциялау жағдайында дамуы тиіс деген тұжырымдарын да растайды [6]. Цифрлық кітапханаларды, халықаралық ғылыми деректер базаларын, институционалдық репозиторийлерді, ғылыми коммуникация платформаларын және ғылыми қызметті сүйемелдеудің электрондық жүйелерін пайдалану офицерлерді даярлау мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді, ғылыми зерттеулердің сапасын арттырады және академиялық адалдық мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді.

Сонымен бірге зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы офицерлерін даярлау жүйесіне тән бірқатар ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік берді. Азаматтық жоғары оқу орындарынан айырмашылығы, әскери жоғары оқу орнындағы ғылыми-зерттеу қызметі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қолданбалы міндеттерін шешуге, қызметтік-жауынгерлік қызметті жетілдіруге, бөлімшелерді басқаруды ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін әзірлеуге және әскер қызметіне заманауи технологияларды енгізуге бағытталған. Бұл ғылыми жұмысты әскери басқару органдары мен Ұлттық ұлан бөлімшелерінің практикалық қызметімен тығыз ықпалдастырудың қажеттілігін айқындайды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы ғылыми-зерттеу қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы офицерлерін кәсіби даярлау жүйесінің жүйекұраушы элементі ретінде кешенді қарастыруымен ерекшеленеді. Қолданыстағы зерттеулер негізінен зерттеушілік даярлықтың жекелеген аспектілеріне арналса, осы жұмыста зерттеушілік құзыреттіліктің құрылымдық компоненттерін айқындауды, ғылыми-зерттеу қызметінің офицерлердің кәсіби дамуына ықпал ету бағыттарын анықтауды және зерттеушілік даярлықтың тиімділігін арттырудың ұйымдастырушылық-

педагогикалық шарттарын ғылыми негіздеуді қамтитын кешенді тәсіл ұсынылды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы алынған нәтижелерді Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы академиясының білім беру бағдарламаларын жетілдіруде, курсанттарды ғылыми даярлау бағдарламаларын әзірлеуде, әскери-ғылыми қоғамдардың, ғылыми үйірмелердің және зерттеу жобаларының қызметін ұйымдастыруда, сондай-ақ үздіксіз әскери білім беру жүйесінде офицерлердің зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға арналған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуде пайдалану мүмкіндігімен айқындалады.

Сонымен қатар осы зерттеудің белгілі бір шектеулері де бар екенін атап өткен жөн. Жұмыс негізінен теориялық-талдамалық сипатқа ие және нормативтік құқықтық құжаттарды, ғылыми әдебиеттерді және ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудың қолданыстағы тәсілдерін талдауға негізделген. Зерттеу барысында білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейіне сандық бағалау жүргізілмеді, сондай-ақ жекелеген педагогикалық технологиялардың тиімділігі эксперименттік деректер негізінде талданбады. Осыған байланысты болашақ зерттеулерді заманауи статистикалық өңдеу әдістерін қолдана отырып педагогикалық эксперимент жүргізуге бағыттау орынды деп санаймыз. Бұл ғылыми-зерттеу қызметінің әртүрлі нысандарының офицерлердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпалын сандық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері ғылыми-зерттеу қызметінің әскери қызметшілерді кәсіби даярлаудағы маңыздылығы туралы қалыптасқан ғылыми тұжырымдарды растап қана қоймай, оларды Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери білім беру жүйесіне қатысты жаңа мазмұнмен толықтырады. Бұл әскери білім беру ұйымдарында ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруды одан әрі жетілдіруге және офицерлік кадрларды даярлау сапасын арттыруға ғылыми негіз қалайды.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу ғылыми-зерттеу қызметінің Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы офицерлерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың негізгі факторларының бірі екенін анықтауға мүмкіндік берді. Әскери кадрларды даярлауға қойылатын қазіргі заманғы талаптар ғылыми талдау, заманауи технологиялар мен инновациялық тәсілдер негізінде қызметтік-жауынгерлік міндеттерді тиімді шеше алатын мамандарды даярлауды қамтамасыз ететін білім беру, ғылыми және практикалық қызметтің интеграциясын талап етеді [1-3].

Зерттеу нәтижелері төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, офицердің кәсіби құзыреттілігі кәсіби білімді, практикалық дағдыларды, аналитикалық ойлауды, зерттеушілік қабілеттерді және үздіксіз кәсіби дамуға даярлықты қамтитын күрделі интегративті құрылым болып табылады. Ғылыми-зерттеу қызметі аталған кәсіби құзыреттілік компоненттерін қалыптастырудың ең тиімді тетіктерінің бірі ретінде қарастырылады [5, 8].

Екіншіден, зерттеушілік құзыреттілік офицердің оқу және кәсіби қалыптасу үдерісінде бірізді түрде қалыптасады және мотивациялық, когнитивтік, операциялық-қызметтік, аналитикалық және рефлексивтік компоненттерден тұрады. Бұл компоненттердің кешенді дамуы әскери қызметшілердің әртүрлі деңгейдегі кәсіби міндеттерді шешуде ғылыми әдістерді тиімді қолдану қабілетін қамтамасыз етеді [8].

Үшіншіден, білім алушылардың ғылыми зерттеулерге, ғылыми-практикалық конференцияларға, ғылыми жұмыстар конкурстарына, жарияланымдық қызметке және қолданбалы зерттеулерге қатысуы аналитикалық ойлаудың, ақпараттық-талдамалық дағдылардың дамуына, ғылыми негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау қабілетінің қалыптасуына және офицерлердің кәсіби қызметінің тиімділігінің артуына ықпал ететіні анықталды [5-8].

Төртіншіден, ғылыми-зерттеу қызметінің тиімділігін арттырудың маңызды шарттарының бірі электрондық кітапханаларға, халықаралық ғылыми-метриялық деректер базаларына, институционалдық репозиторийлерге, ғылыми өзара іс-қимылдың цифрлық платформаларына және ғылыми ақпаратты ақпараттық-талдамалық өңдеудің заманауи құралдарына қолжетімділікті қамтамасыз ететін заманауи цифрлық ғылыми-білім беру ортасын қалыптастыру болып табылады [2, 3, 5].

Бесіншіден, жүргізілген зерттеу Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы академиясында ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруды одан әрі жетілдіру қажеттігін растайды. Бұл курсанттар мен профессорлық-оқытушылық құрамның ғылыми жобаларға, гранттық зерттеулерге, жарияланымдық қызметке, халықаралық ғылыми ынтымақтастыққа қатысуын кеңейту, сондай-ақ ғылыми зерттеулер нәтижелерін білім беру үдерісі мен әскерлердің практикалық қызметіне енгізу арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Алынған нәтижелер офицерлердің ғылыми даярлығының тиімділігін арттыруға бағытталған ұйымдастырушылық-педагогикалық іс-шаралар кешенін іске асыруды ұсынуға мүмкіндік береді. Олардың қатарына ғылыми-зерттеу қызметін нормативтік және әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру, цифрлық ғылыми-білім беру инфрақұрылымын дамыту, әскери басқару органдарының тапсырысы бойынша қолданбалы зерттеулер жүргізу тәжірибесін кеңейту, ғылыми қызметті

сүйемелдеудің заманауи цифрлық платформаларын енгізу, сондай-ақ курсанттар мен жас оқытушыларға арналған тәлімгерлік және ғылыми жетекшілік жүйесін дамыту жатады.

Болашақ зерттеулердің перспективалары Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы офицерлерінің зерттеушілік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін бағалаудың ғылыми негізделген моделін әзірлеумен, оны қалыптастырудың әртүрлі ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарының тиімділігін эксперименттік тұрғыдан тексерумен, сондай-ақ әскери білім беру ұйымдарында ғылыми-зерттеу қызметін мониторингтеу мен басқарудың цифрлық құралдарын жасаумен байланысты.

Осылайша, зерттеу нәтижелері ғылыми-зерттеу қызметі әскери жоғары оқу орны қызметінің дербес бағыты ретінде ғана емес, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы офицерлерін кәсіби даярлау жүйесінің жүйеқұраушы элементі ретінде қарастырылуы тиіс екенін дәлелдейді. Ол кәсіби құзыреттіліктің, ғылыми әлеуеттің дамуын және әскери қызметшілердің қазіргі жағдайдағы қызметтік-жауынгерлік міндеттерді тиімді орындауға даярлығын қамтамасыз етеді.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Қазақстан Республикасы. «Білім туралы» Заңы (27.07.2007 ж., №319-III, өзгерістер мен толықтырулармен).
2. Қазақстан Республикасы. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы (2024 ж. редакциясы).
3. Қазақстан Республикасы Президенті. «Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы». – Астана, 2023
4. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі. Әскери білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамалық құжаттары. – Астана, 2022–2025 жж
5. Умаров А. Қазақстан Республикасының әскери жоғары оқу орындарында педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мәселелері // Педагогика және психология. – 2021. – №3(48). – Б. 21–30. DOI: 10.51889/2021-3.2077-6861.03
6. Алтынбаева А., Ғабдуллина Қ. Қазақстандағы әскери білім беруді дамытудың әлеуметтік талдауы // Sci Herald Uzhhorod Univ. – 2024. – №56. – Б. 1531–1541. DOI: 10.54919/physics/56.2024.153aj1
7. Боронбай С.С. Әскери қызметшілердің құқықтық даярлығы және әскери саясатты іске асыру мәселелері // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды, 2023. – Б. 92–94.
8. Мұсаев Н., Қалиев Б. Әскери жоғары оқу орындарында курсанттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру // Қазіргі педагогика мәселелері. – Алматы, 2022. –

№4. – Б. 45-52.

REFERENCES:

1. Qazaqstan Respublikasy. «Bilim turaly» Zangy (27.07.2007 zh., №319-III, ozgerister men tolyqtyrularmen).
2. Qazaqstan Respublikasy. «Ghylym zhane tekhnologiyalyq sayasat turaly» Zangy (2024 zh. redaktsiyasy).
3. Qazaqstan Respublikasy Prezidenti. «Qazaqstan Respublikasynyng 2023–2029 zhyldargha arналghan zhoghary bilim men ghylymdy damytu tuzhyrymdamasy». – Astana, 2023
4. Qazaqstan Respublikasy Qorghanyс ministrligi. Askeri bilim beru zhuyesin damytu tuzhyrymdamalyq quzhattary. – Astana, 2022–2025 zhzh
5. Umarov A. Qazaqstan Respublikasynyng askeri zhoghary oqu oryndarynda pedagogikalyq uderisti uyymdastyru maseleleri // Pedagogika zhane psikhologiya. – 2021. – №3(48). – B. 21–30. DOI: 10.51889/2021-3.2077-6861.03
6. Altynbaeva A., Ghabdullina Q. Qazaqstandaghy askeri bilim berudi damytudying aleumettik taldaуy // Sci Herald Uzhhorod Univ. – 2024. – №56. – B. 1531–1541. DOI: 10.54919/physics/56.2024.153aj1
7. Boronbay S.S. Askeri qyzmetshilerding quqyqtyq dayarlyghy zhane askeri sayasatty iske asyru maseleleri // Khalyqaralyq ghylymi-praktikalyq konferentsiya materialdary. – Qaraghandy, 2023. – B. 92–94.
8. Musaev N., Qaliev B. Askeri zhoghary oqu oryndarynda kursanttardying kasibi quzyrettiligin qalyptastyru // Qazirgi pedagogika maseleleri. – Almaty, 2022. – №4. – B. 45–52.

Баспаға 30.06.2026 ж. 60x84/8 форматында қол қойылды
Офсеттік басып шығару. Офсеттік қағаз. Шығыс. Л. 12,8 б.п.

Таралымы 500 дана

Баспахананың мекен-жайы: 150000, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы,
Петропавл қаласы, Бостандық көшесі, 51
«Неотехнология және қауіпсіздік ғылыми-зерттеу институты» ЖМ

Подписано в печать 30.06.2026 г. Формат 60x84/8

Печать офсетная. Бумага офсетная. Уч.-изд. Л. 12,8 п.л.

Тираж 500 экз.

Адрес типографии: 150000, Республика Казахстан, Северо-Казахстанская область, г.
Петропавловск, ул. Бостандыкская, 51
ЧУ «Научно-исследовательский институт Неотехнологий и безопасности»

Signed for printing in 30.06.2026. Format 60x84/8

Offset printing. Offset paper. Academic edition L. 12,8 p.p.

Circulation 500 copies

Printing house address: 150000, Republic of Kazakhstan, North Kazakhstan region, Petropavlovsk, st.
Bostandyk, 51
PI «Research Institute of Neotechnology and Safety»

